

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-сарасы басылым


№ 47 (7936)

Жұма
17 қараша
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



2023 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауына куә болдық. «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты туралы» Жолдауында Президент медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технологиялар

саласының жаңа ережелерін ұсынып отыр. Соның арқасында атқарушы билік жүйесі, орталық пен өңірлер арасындағы қарым-қатынас өзгереді, салықтық ынталандырудың, нормативтік-құқықтық реттеудің, инвесторлармен өзара іс-қимылдың жаңа шаралары енеді.

Атап айтқанда, жалақыны көтеру, жұмыспен қамту, балалар қауіпсіздігі, білім алуға теңдік және тағы басқасы. Мемлекет басшысының қоғамда қызу талқыланып жатқан АЭС салуға қатысты мәселені республикалық

Жаңа Жолдау – жағымды бастамалар жиынтығы

саласын қамтитын және экономика мен жұмыспен қамтудың өсуі болып табылатын креативті индустрияға назар аударды.

Жолдаудың басынан-ақ президент өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру қажеттігін атап өтіп, «Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара», – деп тапсырды.

Жолдаудың мәні мен мазмұны Президент реформаларының логикасына толықтай сәйкес келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, саясат және идеология салаларын бір-бірінен бөлмей реформалауға негізделген стратегиялық бағытты жүйелі түрде іске асырып келеді. Жолдауда Қазақстан экономикасын дамытудың алдағы стратегиясы белгіленді. Бұдан бөлек Президент бастамалары экономиканың бірқатар

референдумға шығару туралы ұсынысына ерекше назар аудару қажет. Бұл Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Әділетті Қазақстан» принциптерін берік ұстанып отырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, Қ.Тоқаев агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек деп, Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығын агротехнология хабына айналдыруды ұсынды. «Алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек», – деді президент және ол үшін салық саясатын қайта қарау керек екенін айтты.

Жалпы, Жолдауда көптеген бағыттарды қамтитын және әлеуметтік-экономикалық реформалардың бірыңғай жүйесін құрайтын жүзден астам түрлі идеялар мен ұсыныстар айтылды.

Қ.Түсіпов,
Кежек ауылы әкімі
аппаратының маманы.

19 қараша – Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні

Құрметті ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері!

Сіздерді Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ауыл шаруашылығы саласының ел экономикасын дамытудағы алар орны ерекше. Қазіргі уақытта елімізде агроөнеркәсіп кешеніне баса көңіл бөліп, оны дамытуда мемлекеттік бағдарламалар жасалып, жүзеге асырылуда.

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының дамуы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы қолға алынып, басым бағыттары ретінде ауылдың тұрмыстық ахуалын көтеру, елді мекендерге жаңа тыныс, кең серпін беру, еңбек өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығын цифрландыру сияқты маңызды мәселелері қамтылған. Жалпы айтқанда, заман талабына сай ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселесі мемлекеттің баст назарында тұр. Бұл үшін қажетті барлық іс-шаралар атқарылып жатыр.

Қазақтың қара шаңырағы, дәстүрлі шаруашылығының асыл қазығы болған ауыл-аймақтарды көтеру – берекелі іс. Осы ретте ауыл шаруашылығы саласының дамуына, іргеленуіне аянбай үлес қосып жүрген барлық азаматтарды, ауыл еңбеккерлерін айтулы мерекемен құттықтаймыз!

Отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс және баянды бақыт тілейміз!

Ақтоғай ауданының
әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
төрағасы
Р.Әбеуов

*Қуан ағайын!

Жерлесіміз «Алтын домбыра» иегері

Астанада өткен «Алтын домбыра» айтысында жерлесіміз Мақсат Ақанов «жүзден – жүйрік» атанып, бас бәйгені жеңіп алды.

Елордада «Еңбек – ел ырысы» тақырыбындағы қарапайым еңбек адамдарына арналған республикалық ақындар айтысы өз мәресіне жетті. Шараны «AMANAT» партиясының қолдауымен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған. Есілдің жағасында екі күн бойы ерекше өнер көрсеткен ақындар еңбек адамының абыройын асқақтатып, олардың ел дамуына қосып жатқан өлшеусіз үлесін жырға қосты. Дәстүрлі «Алтын домбыра» жыр додасында жалпы 16 ақын өнер көрсетті.

Осынау қазақтың бекзат өнерін дәріптеген жыр аламанына ақтоғайлық ақын Мақсат Аханов қатысып, төмам жұртты тапқырлығымен тәнті етіп, мерейі үстем болды. Финалда Мейірбек Сұлтанханмен айтысқан ол бұл тартыста қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылып, «Алтын домбыраны» қолына алып, су жаңа темір тұлпарды тізгіндеді. Күні кеше жыр додасында топ жарған жерлесімізді облыс әкімі Е.Бөлекбаев қабылдап, 3 бөлмелі пәтердің кілтін



табыстады. Бұл арқа елінің ақынға, ұлттық өнерге деген құрметі.

Талай жыл айтыста атой салып, елінің мұң-мұқтажын жырына қосып келе жатқан Мақсат ақынмен Ақтоғай жұрты ғана емес, бүкіл Арқаның елі мақтанады десек болады. Түйдек-түйдек шумақтары тыңдарман жүрегінен жылы орын тауып, елдік мәреде жасындай жарқырап, күміс көмейінен жақұттай жыр төккен ақынды осы бір айтулы жеңісімен құттықтаймыз. Өнердегі жұлдызы биіктерден жарқырай берсін деген тілек білдіреміз!

«Ақтоғай ажары» газеті
редакциясы.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

1 жылға – 4914,60 теңге.

6 айға – 2457,30 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

1 жылға – 5914,56 теңге.

6 айға – 2957,28 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

*Дін – бірліктің діңгегі

Дін мен дәстүр сабақтастығы

Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді көтерсе, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Әр халықтың өзіне тән қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мысалы, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы батырлық пен ерлік дәстүрінен туындаған. Ал дәстүр дегеніміз – ұлтты рухани жандандырып отыратын керемет үрдіс, ғасырлар қалыптастырған қағида.

Ақтоғай жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен діни экстремизммен терроризмнің алдын алу мақсатында «Дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыбында кездесу өтті.

Ақтоғай ауданының жастарымен өткен басқосуға ауданның бас имамы Еркін Қапас қатысып, дін мен дәстүрдің сабақтастығы жөнінде насихат айтты. Ақсақалдар қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің көбі дінмен тығыз байланысты екендігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, қазіргі



уақытта назардан тыс қалып бара жатқан дәстүрлерді жаңғыртып, көңіл бөлу керектігін ата-ананы құрметтеу, дін мен отан, бірлік пен ынтымақ сынды өзекті мәселелер арқау болды.

Айта кетсек, рухани шара барысында жастардың көтерілген тақырып төңірегінде қойылған сұрақтарына жан-жақты жауап берілді.

Ауданның жастар ресурстық орталығы.

Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «АМАНАТ 111» БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

♥ ЕГЕР СЕНІ ҰРЫП-СОҚСА

♥ ЕГЕР САҒАН КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА

♥ ЕГЕР СЕНІ БІРЕУ ҚОРҚЫТСА НЕМЕСЕ РЕНЖІТСЕ

♥ ЕГЕР ӨЗІҢЕ НЕМЕСЕ ДОСЫҢА ҚАУІП ТӨНІП ТҰРСА

111 нөміріне хабарлас

Қоңырау шалу арқылы өзіңнің немесе жақындарыңның өмірін сақтап қаласың!

Қоңырау шалу тегін!



Сіз өмірлік қиын жағдайдағы отбасын білсеңіз

Сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса

Балаларға қауіп төндіретін нысандарды көрсеніз

111
нөміріне хабарласыңыз

*Мереке мерейі

Қаржы қызметкерлері марапатталды

Қазақ елі үшін бірқатар атаулы даталармен қатар, мән-маңызы жағынан беделі жоғары тағы бір күн бар. Ол – ұлттық валютамыз теңгенің айналымға енген күні. Иә, 1993 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қараша күні теңге ресми

арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты, – деп сөз сабақтаған Руслан Айтықенұлы қаржы саласының ардагерлері мен майталмандарын марапаттады.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы ауданның экономика және қаржы бөлімінің бас маманы



айналымға енген болатын. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың 15 қарашасы күні басталып, 20 қараша күні аяқталған еді.

Ал, биыл атаулы датаға 30 жыл толып отыр. Айтулы мерекеге орай аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын болып өтті.

Мерекелік басқосуды аудан әкімі Руслан Кенжебеков құттықтау сөзімен ашты.

– Сіздерді Ұлттық валюта күнімен және Қазақстан Республикасы қаржы органдарының қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Биыл ұлттық валютамыз – теңгенің қаржы нарығында айналымға енгеніне 30 жыл толып отыр. Бұл күн Қазақстан тарихындағы атаулы күндердің біріне, ал теңге – біздің ел мемлекеттілігінің басты белгісіне айналды. Бүгінде мемлекет алдындағы экономикалық міндеттерді жүзеге асыруда қаржы секторының алар орны ерекше. Сондықтан болар, еліміздің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын

К.Абжановаға, облыс әкімінің Алғыс хаты Б.Аятбековаға табысталды. Сонымен қатар ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлесі үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары Н.Шахуов және аталған басқарманың бас маманы А.Қаппарова, экономика және қаржы бөлімінің хатшысы Н.Жолшыбекова марапатталды. Сондай-ақ, бұл күні аудан әкімінің, Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы, Қарағанды облысының экономика басқармасы, облыстық қаржы басқармасының Алғыс хаты өз иелерін тапты.

Кеш соны «Арман» эстрадалық ансамблі, «Балбырауын» би ұжымының мерекелік концертіне ұласты.

Думан ҚАБЫЛ.

*Мезгіл мәселесі

Ақтоғай ауданында қар тазалайтын техникалардың қысқы маусымға дайындығы тексерілді. Қазір мұнда 27 дана арнайы техника жауапты кезеңге сақадай сай тұр. Оның ішінде 5 дана К700, 6 дана күректі МТЗ,

ашық болуын қатаң бақылауға алуы керек екенін ескертемін» деп тұрғындардың қолайлығы мен қауіпсіздігі үшін көшелер мен жаяу жүргіншілер жолына құм-тұз қоспасы және реагенттер себуді әрдайым жүргізіп тұру

Техникалар қар тазалауға сақадай сай



3 автогрейдер, 5 фронталды жүктіегіш, 1 бульдозер, 3 дана жедел құтқару көлігі, 4 патрульдік көлік бар.

Ақтоғай өңірі қысы қатал, қары қалың болатыны әлімсақтан белгілі. Оның үстіне аудандағы кейбір елді мекендердің арақашықтығы 250 шақырымға дейін жетеді. Осыншама ұзақ жолдарды қалың қардан тазалап ұстау оңайға соқпайтыны айтпаса да түсінікті. Сол себепті қысқа дайындыққа жіті көңіл бөлінеді мұнда. Күні кеше аудан әкімі Руслан Кенжебеков қысқы кезеңде қар тазалау техникасының дайындығын тексерді.

«Тиісті сала, жолды қардан тазалайтын жауапты ұйымдар ауылдар арасындағы жолдардың

керектігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар аудан басшысының айрықша назарындағы мәселе – инертті материалдардың өзіндігі. Бұл ретте ұйым басшыларының айтуынша қыс мезгіліне қажетті жанар - жағар маймен, инерттік материалдармен қамтамасыз етілген.

Иә, қыстың ақ түтек бораны мен үскірік аязында, оның үстіне қар қалың түсетін Ақтоғай өңірінде облыстық, аудандық трассадағы көліктердің қозғалысын қамтамасыз ету зор күш пен қыруар қаржыны қажет ететін шаруа. Соған қарамастан аудан бұл мәселенің оң шешілуі үшін қолдан келген барлық жағдайды жасап отыр.

Өз тілшімізден.

Ақын Қуаныш Мақсұтов – 60 жаста



Қазаққа талай алыпты сыйлаған алтын бесік Ақтоғай топырағынан шыққан ақын, бард Қуаныш Мақсұтов 60 жаста. Ол қазақ халқының ақындар айтысында, әдеби және музыка әлемінде ерекше орны бар тұлға. Биыл жыл басынан ақынның мерейтойына орай аймағымызда түрлі мерекелік іс-шаралар отуде.

Ақындар айтыстарындағы батыл да шынышыл қоғамдық-саяси ойлары үшін халқы «Сары Тентек» атаған Қуаныш Мәжкенұлы 1963 жылы 23 ақпанда Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1979 жылы осы аудандағы Қаратал орта мектебін, 1988 жылы ҚарМУ-ның филология факультетін бітірген.

Халықаралық, республикалық ақындар айтыстарының, республикалық «Жігер» фестивалінің, Университеттердің Бүкілодақтық фестивальдерінің лауреаты. «Қазақстан» телеарнасында тікелей эфирде өткен республикалық «Аламан айтыс» жарысында «Орақ тілді, от ауызды Ақын» атағы берілген (2006-2008).

«Замандас-Современник» газетінің негізінде жасаған «Қазақстан Республикасының ақпараттық индустриясы» атты жобасын ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев жоғары бағалаған. Жастардың рухани, мәдени, саяси белсенділігін арттыруға арналған «Балауса» әдеби-шығармашылық бірлестігі атты жобасы республикалық, одақтық шараларымен танымал болған. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО-ның бағдарламалары аясында өз жобаларын жүзеге асырған. «Мәңгілік мұңның әуені» атты бардтық әндер жинағы (2013), «Тәкаппар мұңның кербез тамшылары» атты жыр жинағы (2013) жарық көрген.

Газетміздің бүгінгі санына жыр тұлпарын мініп, құдіретті өлең-жырдың аламаньына ат қосқан ақынның әр тақырыпта шығарған өлеңдерін ұсындық.

ҚОТЫР ТАЙ

Ақша үшін етке салдық Айғырды,
Ақшасы оның Бізді бес күн бай
кылды.

Қотыр Тайлар Ие боп жүр үйірге,
Күннен күнге қалыңдатып қайғымды.
Айғыр кетті құрбаны боп Тиынның,
Көшбасшыны сатқанына күйіндім!
Кұлындары Кімге қарап өседі,
Қотыр Тайлар Ие болған үйірдің ?
Сенбейсің бе?

Далаға шық киін де!
Көрген кезде:
Айқайлама !
Күйінбе !

... Биелер де німейді дұрыстап,
Қотыр Тайлар Ие болған үйірде.
Кісімсіген,
Кісінеген,
Шүйілген.
Тістеп,
Теуіп,
Өркімдерге түйілген.

...Тұлпар түгіл Дұрыс Айғыр
шықпайды,
Қотыр Тайлар Ие болған үйірден !
Қарының тоқ, тыныш жатсын
үйінде...

Ашық айтсам:
Айқайлама !
Күйінбе !
...Күнің үшін Сен де жүрген
жоқсың ба

Қотыр Тайлар Ие болған үйірде ?!

Көктем. Махаббат.
Түйсіну

Үш күн өтті...
Сен шықпайсың ойымнан...
Мұның кештім толқыныстың
ғажайып,

Ажырадым Парасат пен Пайымнан,
Ақылым да кетті мүлде азайып...
Байқамадым Тіршілікті, Уақытты,
(Өзімді-өзім жоғалтпаушы ем бұлай
көп...)

Бұл жалғанда мұнды Адам – бақытты,
Қол жетпестің бөрі кетер Құдай боп...
Ынтызармын бозбаладай төзімсіз,
Тәтті естелік жетелейді сол шаққа...
Өмір сүру мүмкін емес Өзінсіз,
Біз мәңгілік қосылмастай болсақ та...
Жан жарасты.
Тән сүйсінді.
Келістік.
Кездейсоқтық – ең мықты заң,
білемін...

Аппақ Дүние,
Бейкүнә Ақын,
Кеністік –
Барлығының ауырттың-ау жүрегің...
Жаратқанның бейіштегі нұрына
Шомылдық та,
Менің мөлдір, ақымақтау жырыма
Сенің ойсыз әрекетің қосылып...
Жан тазарды.
Осыны үк!

Ақыл – Азап,
Сезім – Жұмақ,
Жол – Арман,
Кім құтылар пендеге тән әуреден?..
Махаббат та, сірә, жаным, жаралған
Сенен шыққан жұмбақ, таза сәуледен!
Үш жыл өтер...
Қоштаса алмай өзіңмен..
Бір құпия мұң кешермін ғажайып...
Махаббатқа кездестік-ау сезіммен,
Ақылымыз кеткен кезде азайып!..



ӨМІРМЕН СЫРЛАСУ

Өмірім менің,
Жатырқап жүрсің неге Сен ?
Жылдарым үшін Сәттермен неге
егесем ?

Түтіндеп жүрмін жанамын деген
ниетпен,
Сындарың емес Сыбырың өтіп
Сүйектен.

Жараттың Жалғыз...
Егіздер туып жатқанда,
Менсіз де көп пе Кезек Күткендер
қақпанда ?..

Күткендер көп-ау...
Одан да асып барады
Әр Адамның Бақытын Өзіңе
сатқандар !

Таратсаң Ырзық Маған да біраз
қарасшы...
Тіл – тәтті бүгін,
Өтірік – асыл..

Бәрі – ащы !..
Жолымда жиі кездесіп қалады,
Кұшқандар
Шырмауық орап, Құрттар құлатқан
ағашты.

Жылайтын шығар Мені еске алса Нұр
Қыздар...
Жылатып жүрген Мені де Жұмбақ бір
Қыз бар.

...Қараңғы Түнде Бағытымды таппай
қалғанда,
Көбеймесе екен Жылуы біткен
Жұлдыздар !

Жамандай алмас Өзіңе Мені
білгендер,
Жылынып шықты Үйіме Тоңып
кіргендер...

Босағамды босқа тоздырмаса екен
итініп,
Жылы Орын менен Диплом сатып
жүргендер !

Өмірім менің,
Жатырқап жүрсің неге Сен ?
Жылдарым үшін Сәттермен Жиі
егесем !

...Түтіндеп жүрмін жанамын деген
ниетпен,
Сындарың емес Сыбырың өтіп
Сүйектен.

Өмірім Менің жатырқап кеттің неге
Сен ?!..

АҚЫНДЫ ҚАЙТЕСІҢДЕР
ӨКПЕЛЕТІП

Басынан талай Қыс пен Көктем өтіп,
Тобырға айтқан Сөзі текке кетіп.

Досы жоқ, Дұшпаны жоқ...
Жолдасы көп
Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп !
Досы жоқ, Дұшпаны жоқ...
Жолдасы көп

Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп!
Ойлары жіберетін өктем етіп,
Тағдырдың талқысынан кеткен өтіп...
Шын сүйген..

Тек Сүйікті бола алмаған
Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп!
Шын сүйген..
Тек Сүйікті бола алмаған

Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп!
Ойларын Ел айтатын мектеп етіп,
Тағдырдың талқысынан кеткен өтіп...
Өмірден Өлең іздеп..

Шаршап жүрген
Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп!
Досы жоқ, Дұшпаны жоқ,
Жолдасы көп,

Шын сүйген, тек Сүйікті бола алмаған,
Өмірден Өлең іздеп, Қажып жүрген,
Ақынды қайтесіңдер өкпелетіп!
Ақынды алмандаршы өкпелетіп!

КӨБЕЛЕК

Қыр үстінде, үлкен ауыл шетінде,
Биік Үй тұр суық желдің өтінде...
Төрт Ұлы мен үш Қызы бар ержеткен,
Қалаға көшті кенже Ұлы бертінде.
Кемпір мен Шал Құдайға тәуба

қылады,
Жеті Бала – Жеті жанған Шырағы...
... Қарт кісілер жүре алмайды,
Қант-шайын

Көрші Әйел өкеп беріп тұрады.
Көрілік те жиі өртейді өзегін,
Теріп жағады даланың мол тезегін...
...Балалардың ет-майына арналған,
Малдардың да

Көрші Бала бағып береді кезегін.
Малмен бірге Қыстан шықса
қыбырлап,
Кемпір мен Шал тілеу тілер

сыбырлап...
...Алты ай Жазда
Демалысқа төрт-бес күн
Елу адам келіп қайтады жыпырлап.
Шуағымен Жаз да өтеді дүрілдеп,
Демалыстан Бәрі қайтар гүрілдеп.

... Алты ай Жаздың
Төрт-бес күнін демалып,
Кемпір мен Шал Қысқа кіреді
дірілдеп.

Кейде Тағдыр қиындығын сыйлайды,
Кемпір мен Шал әлі де мал жинайды...

...Тектілерден Тексіз Бала туған соң,
Кемпір-шалмен Мал қалғаны
қинайды !

Сияқтымыз тұрағы жоқ Ебелек.
Тойып алса Гүлге қонар Көбелек...
...Суық күнде тоңған Ата-ананды
Жылы күнде жылытқанын
не керек ?!..

Ата-ананды тастамашы,
Ей, Көбелек !
Ата-ананды ұмытпашы,
Ей, Көбелек !

ТАҒДЫРДЫҢ ӘУЕНІ

Құдай !
Рахымы мол, мейірімі кең.
Неге Пендемен Пенде болам Мен ?..
Мені тым құрмаса алдамашы Сен !
...Шіркін, Жауын жауса ғой...
Халқым !

Дәстүрі мол, Дастарханы кең.
Неге Топ ішінде Жалғыз
жүрем Мен ?..
Мені тым құрмаса алдамашы Сен !
...Шіркін, Жауын жауса ғой...
Жарым !

Ешкім де жоқ бір Өзіңе тең !
Неге Адам болмай Ақын болдым
Мен ?..
Мені тым құрмаса алдамашы Сен !
...Шіркін, Жауын жауса ғой...
Балам !

Қалып қойма Тең Құрбыңнан кем.
Неге Көрілікті жиі ойлаймын Мен ?
...Мені тым құрмаса алдамашы Сен !
...Шіркін, Жауын жауса ғой...
Шіркін...
Ех, Шіркін !
Шіркін...
Беу, Шіркін !
Жауын жауса ғой...

АРМАН

Тау Өзені болсам-ау құлап аққан,
Жартастардың ауызын дуалатқан.
Гүрілімен оятып Сай-саланы,
Қорқақтарды өткізбей, тұралатқан !
Тосқауылдан тосылмай өтер едім,
Екпінімді танытып кетер едім.

Дүниені келтіріп тәубасына,
Гүл жазира Жазыққа жетер едім.
...Тау Өзені болсам-ау құлап аққан,
Жартастардың ауызын дуалатқан...
Сорлы Тірлік не керек

Екі Көзден
Жиі-жиі Өлімтік Бұлақ аққан ?

***Президент тапсырмасын орындай отырып...**

Мәдениет – халықтың ең үлкен қазынасы, ұлттың рухани болмысы, салт-дәстүрлерінің санғасырлық жиынтығы. «Мәдениеті өскен ел – өркеніетке көшкен ел» демекші, әр ұлт өзіндік тарихымен, қалыптастырған мәдениеті, өнері, тәрбие жолымен дараланады. Оның ішінде ауыл мәдениетінің де алар орны ерекше. Ауылдың басты мәдени ошағы – ауылдық клуб екені баршаға аян. Өңірдегі елді мекендерде клуб-қызметкерлерінің бойында өз істеріне деген үлкен жауапкершілік

қызмет жасады. Сол уақыттарды Б.Садуақасова және ол кезде аккомпаниатор болып жұмыс істеген мен қиын заман болса да кентте түрлі мәдени шараларды ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізетінбіз. «Екі Жұлдыз», «Жас қанат», «Айгөлек», «Зимушка-Зима», «Бір көргеннен гашиқ болу» секілді өнер сайыстарын мерекелерде екі-ақ адам жүріп, ұйымдастырып, өз мамандығымызды сүйгендіктен демалыс дегенді білмедік. Кенттің мәдениет саласын дамытуда үлкен қызығушылықпен

атқарған жұмысын жоғары бағалауға болады. Кент бойынша белсенді, қайсыбір шара болмасын оқ бойы оза шығып, өнегелі ісімен ел құрметіне бөленген. Жиырма жылға таяу орны бар ансамбльдің құрамы қанша өзгерсе де, сегіз қырлы бір сырлы жанармен қайта толықты.

2016 жылы клуб үйіне би жетекші штатын беріп, ол да өзінің жұмысына кірісті. Бишілер де өз өнерлерін көрсете бастады. Би жетекшісі О.Коваленко жұмысына өте жауапкершілігі мол, өз мамандығының иесі екенін көрсетіп

жеңімпазы, есімі алтын кітапқа енген, ҚР еңбегі сіңген қызметкер. Аккомпаниатор Е.Азимбеков облыстық, республикалық деңгейдегі әнші, баянист, домбырашы. Дыбыс операторы Н.Көкеева домбырашы, «Қол өнер» үйірмесінің жетекшісі, «Жаңа есімдер» байқауының жүлдегері.

Біз өзіміздің жұмысымызбен қатар кентімізбен іргелес Балқаш қаласында да өтетін мерекелік шаралардан қалмаймыз, кітапханалармен де жұмыс жасаймыз.

Өткен жылы белгілі тарихшы

Мәдениет – ұлттың қайнары

пен шығармашылық құлшыныстары жоғары. Мәселен, ауылдық мәдениет үйлерінің үздіктерінің бірі – Шашубай

жұмыс жасадық. Ең қызығы ауданға «Жаңа есімдер» балалар байқауына барған кезде он шақты балаларды

келеді. Ал, 2017 жылы «Нұршау» фольклорлық ансамблі құрылды.

Мен өзім 2019 жылдан бастап Шашубай кенті мәдениет үйінің меңгерушісі болып ауысып, сол қызметте жұмыс жасап келемін. Жалпы еңбек өтілім осы салада 35 жыл.

Ұлы даланың биік рухы саналатын өрелі мәдениетіміз бен өнерімізге жыл сайын шынайы қамқорлық пен қолдау көрсетіліп келеді. 2020 жылы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 109 млн 922 мың теңгеге мәдениет ошағына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Онымен қоса көркемдік жетекші, қобызшы, дыбыс операторы штаты, қосылды.

Кент өнерпаздары аудан, облыс қала берді республикалық байқауларға қатысып алдыңғы орындарға ие болып келеді. Тоқталып өтсем жыл басынан аудандық «Жас қанат»

К.Сардарбекованың 85 жас мерейлі туған күніне орай осы Шашубай кенті мәдениет үйінде кездесу кешін ұйымдастырсақ, биыл белгілі ақын жерлесіміз Мөлдір Бөлекованың 65 жас мерей тойына Балқаш Мысшылар сарайында шығармашылық кешіне қатысып, концерттік бағдарламаны ұсындық. Өнерге қатысушыларды мерей жастарымен қосып мерекелерде құттықтап, елеп тұрамыз. Жалпы, қазіргі уақытта Жеңіс клуб үйінде «Ән», «Домбыра», «Би», «Қобыз», «Драма», «Дойбы», «Қолөнер» үйірмелері жұмыс жасайды. «Апалар» ансамблі, «Славянка», «Нұршау» фольклорлық ансамблі тыңдарманын әсем әндерімен тәнті етіп келеді. Балқаш қаласынан келетін әнші М.Жұмабаева және Б.Нарымбекова, «Славянка тобының Л.Соболева,



кентіндегі Жеңіс клуб үйі. Клуб ғимараты 1986 жылы салынған. Мәдениет үйі – ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізіп, халыққа толыққанды мәдени қызмет көрсетуде заман талабына сай көпшілік іс-шараларды өз деңгейінде өткізуде.

Осы мақсатта аталған мәдениет ошағының меңгерушісі Бибігүл Ербекеева сөз тізгінін ұстаттық. – Елімізде мәдениетті дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Оған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының Мәдени саясат тұжырымдамасы айқын дәлел. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да өткенімізді түгендеп, өшкенімізді қайта жаңғыртып, ұлттық құндылығымызды ұлықтап, болашаққа жарқын қадам басуымызға негіз болып отыр.

Ән-күйі шалқыған Ақтоғай – ежелден өнерге бай өлке. Халықтық ән-күйдің тамыры ауылдан бастау алатыны да ақиқат. Кент жұртын өнермен сусындату, халықтың береке-бірлігін арттырып, ұлттық өнерімізді дәріптеп, талантты өнерпаздардың қанатын қатайту мақсатында Ақтоғай ауданына қарасты Шашубай кенті мәдениет үйі жыл басынан арнайы жоспар құрып, жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Мәдениет үйі Тоқырауын ауданы жабылғаннан 1997 жылдан бастап екі штаттан тұратын клуб қызметкері және аккомпаниатор штаты, екі күзетші, бір тазалықшы



ертіп автобуспен жүретінбіз. Жас өнерпаздарға ауданның үлкен сахнасын көрсетіп, олардың өнерге қызығушылығын арттыру, жас таланттарды жарыққа шығару алдымызға қойған үлкен мақсатымыз болды.

2007 жылдан бастап «Ән», «Домбыра» үйірмесімен қоса әртүрлі ұлттан құралған «Славянка» ансамблі жұмыс істеді. Жетекшісі Б.Садуақасова. Сол жылы «Апалар ансамблі», «Домбыра» жұмыс істейтін. Өнегелі өнерді бойға сіңіріп, отбасы мен қоғамдық жұмысты қатар алып жүрген бұл апалардың негізгі мақсаты – отбасы құндылығын дәріптеу. Ата-баба дәстүрін келер ұрпаққа жеткізіп, бойына сіңіру. Бұл тұрғыда «Бастаңғы» әжелер тобының

байқауында Жансая Ақыжан 3 орын алса, «Әжелер байқауынан Бақыт Нарымбекова 2 орын иеленді. Облыстық күйшілер байқауына өзім 2 орынға ие болдым. Республикалық байқаудан балаларымыз «Ән» номинациясы бойынша 1 орын. (жетекшісі Б.Садуақасова). Биден 1 орын (жетекшісі О.Коваленко) және домбырадан 3 орын иеленді (жетекшісі Б.Ербекеева).

Сонымен қатар кент жастарын өнер бәйгелеріне баулып, елді мекеннің мәдени дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан клуб үйі қызметкерлеріне тоқталсақ. Қобызшы А.Есимова екі-үш жылдың көлемінде қобыздан үйірме жүргізіп, шәкірттер тәрбиелеуде. Өзі аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың

Р.Дакенова апайларға мерекеле ат салысып, өнерлерін бізбен бірге көрсетіп жүргені үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Иә, мәдениет сан тармақты. Музыка, сурет, би, халықтық өнер – осының бәрі ұлт руханиятын көтеру үшін қажетті алғышарттар. Мұның бірі ақсақа, мәдениетіміз мәйекті бола қоймас. Кенттің тыныс-тіршілігімен бірге мәдениет үйінің де жұмысы біте қайнасқан. Қай кезде болмасын тұрғындарға көтеріңкі

көңіл-күй сыйлауда түрлі шараларға мұрындық болған руханият ошағы жаз айында да оқушылардың уақытын тиімді өткізуіне үлес қосуда, – дейді Бибігүл Ербекеева.

Адамзат тарихының күретамыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар. Мәдениеттің дамуы қоғамды іргелі жылжытатыны анық. «Ұлттық мәдениетімізді насихаттау, кент тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу жолында алға қойған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін жүйелі жұмыстар атқарыла беретін болады» дейді Б.Ербекеева.

**Думан ҚАБЫЛ,
Шашубай кенті.**

***Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына—330 жыл**

Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы кең. Жақсылық пен жамандық, елдік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық, тұтастық пен бірлік сынды жаратылыстың күрделі құбылыстарын қамтиды. Уақыт өткен сайын толғаулары жаңаша түрленіп, тың иірімдері ашылууда. Бұл жазбамызда елдік пен ерлік һәм тұтастық пен бірлік тақырыбындағы шығармаларының

ізіне ертіп, ұйымшылдыққа үйретеді. Сондықтан, жыраудың әр өлеңін түсініп оқыған дұрыс» дейді ғалым.

Бұқар жырау шығармаларының басты ерекшелігін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын талғаммен саралаған заңғар жазушы М.Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрін терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан

ата жауға қарсы тізе қоса күресуге шақырады және осы жолда өмірін бәйгеге тіккен ерлерді өзгелерге үлгі ете жырлайды. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Ормандай көп орта жүз, солардан шыққан төрт тірек» деп мадақтайды. Бұқар жырау жырларын ел басына күн туып, ерлік пен ерліктің, парасаттылық пен азғындық сыналған шақта Абылайдай көреген басшының төнірегіне топтасып, жеңістерге жетіп, ерліктің үлгісін, бірліктің құдіретін танытатын, қазақ өмірін айнытпай

Жалған көңіл табылмас, Қараторғай қаз болмас. Шағала келмей жаз болмас, Шаңқан болмай боз болмас. Іштен қыңыр туғанды Тезге салсаң түзелмес. Қанша бағып-қақсаң да, Өзіңнен тумай ұл болмас», – деп қанмен келетін тектіліктің, әкеден балаға мұра болатын асыл қасиеттердің баға жетпес байлық екенін айтады. Асыққан жерде шалалықтың болатынын, ұрпақтың ертеңі үшін оған жасынан оңды тәрбие беру керектігін насихат етеді. Әр істің, әр оқиғаның

Ел бірлігін жырлаған

өзегіне үңіліп көруді жөн санадық. «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» атты жыры көпке мәлім. «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұл үйректені болыңыз, Судан-суға шүйгумен, Көлден-көлге қоныңыз. Байлар ұғлы шоралар Бас қосыпты десін де, Маң-маң басып жүріңіз, Байсалды үйге түсіңіз. Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін, Жат бойынан түңілісін, Бәріңіз бір енеден туғандай

толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді.

Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары баршылық. Мұның бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Адам мен табиғаттың, адам жанының тіршілікпен астасып жатқан құпияларын зерделеуге, тануға жетелейді.

Бірлік пен ынтымақ бар жерде береке болады. Енді, сол тұрақтылықты сақтайтын «Елімі!» деп туған ерлер емес пе? Жыраудың осы бағыттағы мына жырына үңілейік.

«Арту-арту бел келсе, Атан ерлер бүгіліп, Алыстан қара, шаң көрсе, Тұлпар шабар тігіліп. Ел шегіне жау келсе, Ерлер шығар түрініп. Ел ішіне дау келсе, Шешен сөйлер жүгініп. Тентекпен ел бүлінсе, Билер шешер жүгінтіп», – деп елдіктің аса қымбат қазына екенін, елдікті сақтайтын, тыныштықты жақтайтын есіл ерлер екенін алға тартады.

Айналадан анталаған жаудан қорғану үшін бірлік қажет екенін терең түсініп,

суреттеп, соңына мол мұра қалдырады. «Ай не болар күннен соң? Күн не болар айдан соң? Құлпырып тұрған бәйшешек Қурай болар солған соң. Хандар киген қамқа тон Шүберек болар тозған соң. Енесі биік кең сарай Мортқы болар бөлген соң. Донғалақ арба жүре алмас, Қос арысы сынған соң. Жігіт жақсы бола алмас Алғаны жаман болған соң», – деп қолда бар алтынды бағалай білуге үндейді.

Ер елді сақтаса, ерді үйдегі есті жары сақтайтынын баса айтады. Байқасақ, ынтымақ, бірлік, елдік, ерлік сынды ұғымдарды бір-бірімен астастыра жырлайды.

«Мұсылманның баласы, Сірә, бір кеңес құрыңыз. Бірауызды болыңыз!», – деп сөзге тоқтауға, сөз ұстаған істің жүйесін білетін басшының соңына еруді тұспалдайды.

«Ақшам батпай күн шықпас, Ажал жетпей жан шықпас. Ақ таң атпай күн шықпас, Асыққанмен жаз келмес. Етекті кессең жең болмас, Ежелгі жау ел болмас. Қара қойдың терісін Сабындап жусаң ағармас.

адамның ішкі жан-дүниесімен, ақыл-ойымен байланысты болатынын аңғаруға үндейді.

Бұқар жырау қазақтың тоғыз ханына кеңесші болған соқталы тұлға. Алайда, Тәуке хан 1718 жылы қайтыс болған соң, Тәукеден соңғы әміршілермен тіл табыса алмағанын тарихтан білеміз. Тіпті, Көмекей әулиенің тұңғыш биографы Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешіпті.

Кейін, Абылай хан таққа отырысымен, жыраудың алтын басын бағалап, өзіне қайтадан кеңесші етіп, бар әділетсіздікті жояды. Жырау өмірінің соңына дейін ел ертеңі жолында аянбай қызмет етіпті.

Бұқар жыраудың сөзі мен ісі үйлескен ұлы қайраткер, қуатты қалам иесі. Ол қандай қиындық көрсе де, қаншама ханмен сыйыса алмаса да, алған бетінен қайтпай, ақыры дегеніне жетті. Өйткені, ол жеке басынан халықтың қамын биік қойды. Өзі кембағал күн кешсе де, ел бірлігін, тұтастығын, ерлікті, елдікті ойлаудан, насихаттаудан, жырлаудан жалықпады, жаңылмады. Жыраудың өнегелі өмірі мен ғибратты мол мұрасы қазақпен бірге жасай бермек.

Жәлел ШАЛҚАР,
Ortalyq.kz.

***Сыбайлас жемқорлық**

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік

– кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісі мен іс қозғаудың бір негізі – азаматтардың

Жемқорлық – қоғам дерті

қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Және ол жылдан-жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлердің айналысып отырғанын көрсетіп берді.

органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрестілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқықбұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады: – мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; – құқықбұзушылыққа немқұрайлы қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар; – кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;

арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып отырған шақта сол адами қалып – парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

М.Жұмабеков,
ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы басшысы.



**Мәдени мұра*

Ел рухын көтеріп, намыс байрағын асқақтатқан сандаған құс қанатты жүйрік аттардың болғаны тарихтан белгілі. Сондай жел қуық жүйріктің бірі – Көлжанның Қара аты. Осы ат жөнінде неше түрлі аңыз-ертегіге бергісіз деректер күні бүгінге дейін ел ішінде айтылады. Ол айтушы құлақтың өз жерінде ата аруағын көтерген табаны жерге тимейместен қалықтап кететін бөйге атының шабысына сүй-сінгендіктен болар. Жаксыны дөріптеу, көтере мақтау бұрыннан қалыптасқан жайт қой.

Көлжан би Нарманбеттің екінші ұстазы атанады. Осы ұстазының мақалдап-мәтелдеп сөйлейтініне сүйсінгенінен болар. «...Сөйлейді кәрі Көлжан сексен бір күй», – деп алып:

Жеті рулы елге сөйлеген,
Әбүйрсіз сөзге кірмеген.
Ой, бауырым,
Отқа салған жауырын!

ғанын Ақай: «Ауыл маңына айдап келіп, қаумалап жүріп, бұғалықтап зорға ұстадық. Бұғалықпен буындырып жығып жүгендедік. Тұрған соң өзінен өзі мөңкіп алдына келсе тарпып, артына барсаң қос аяқтап теппекші болып әуремізді шығарды.

Арамызда жүрген әкем бұғалықты өзірше алмауды, бір сөтке ашықтырып, оны екі күнде бір қайталап отыруды тапсырды. Әкейдің ақылы бойынша 7-8 күнде жыны басылды. Ер салдық. Бірақ жетектемесе көткеншектен тұрып алатын болды. Алғашқыдағы осы жетектеп жүруімізді Қара ат өмірлік дағдысына айналдырған болуға тиіс. Өйткені, бөйгеге қосылғанда алдындағы аттан озбайды. Құйымшақ тістестіріп қана отырады. Тек қарақшының дабыр-дүбірі білінгенде ғана алдындағы атты артқа тастап озып кететін. Мұны әкеміз «Қаратарту» деп атайтын. «Қаратарту» кезінде қамшылап, не болмаса тақымдап текпілемуді шабандоз балаға ерекше тапсыратын. Ерікті Қара аттың өзіне

кезінде Кеңес өкіметі орнамай тұрып, Әлиханнның інісі Смақан қария да елге жеткізген болатын.

Тілектің Мәшүріпбегінің асында да бас бөйге иеленген едік.

Тағы бір өкінішті жайтты баяндасам. Ол–1921 жылы ҚазССР Автономиясының бір жылдық мерекесіне арналған тойға қатысуы болды. Осы мезгілде Көлжекем атамның Сәдуақасынан туған Башай хат-шотқа ширақтығынан ертерек атқа мініп, ел ісіне араласа бастаған. Болыстық комитеттің тапсырмасы бойынша тойға үй дайындау, балуан іріктеу, бөйге аттарын жинастыру т.б. жөнінде ерекше тапсырмалар болды. Бөйге аттарына басшылық жасау Башайға жүктелді. Ол өз болыстығымыздан Шалқардың Аққасқасы мен Қара атты апармақшы болды. Осы ойын Көлжекеме жеткізді. Көлжекем: «Қара атты қазір бөйгеге қосуға болмайды, еті ауырлау. Жаратуға 15-20 күндей уақыт керек», – деп рұқсатын бермеді. Шалдың айтқаны рас Қара ат мініс-жүрістен бос кезінде

Көлжанның қара құлжасы

Қисық жолды баспаған.

Түзу сөзден қашпаған,

Беу, Көлжекем-ау!» – деген бағалауы ұстазының сипатына дәлме-дәл келеді. Ол мейілінше әділ, тура айтатын бетті, ақ-қараға бүкпесіз баға беретін «Туған биде туған жоқ, бұрған биде иман жоқ» – деген жолды ұстанған. Оған Алла Тағала терең ой, шешен тіл жан иесін көргенде танитын қасиет пен ештеңеден сескенбейтін батырлық айбар дарытыпты. Осы қасиеттерімен қатар аңшылық, саятшылық құрып, жүйрік ат, қыран бүркіт ұстауды, олардың бабын табуды өнер деп қабылдап, ғұмыр бойы тұтынып өтіпті. Осы атақтарына қоса өзінің текті Қара атымен де аты шартарапқа тараған.

Енді Қара ат жайлы жоғарыдағы жел сөздерден ада тарихи шындықты сөз етпеймін. Бұл деректерді Көлжан бидің бел баласы Ақай мен немересі Өтібек баласы Жүмәділден естігем. Яғни, бұлар аттың иелері болып келеді. Ақайдың айтуына қарағанда Қара аттың әжесіне күзде Көлжекеннің көзі түседі. «Мынау аяқ-басы келіске нағыз жүйрік туатын бие екен», – деп бие иесіне ұрғашы төрт тайлақ беріп айырбастап алады. Бие құлындар шамада оның Керней елінен ұрлықпен келгені анықталады. «Ұрлық түбі – қорлық». Өзім би, өзіме-өзім мал ұрлады деп билік айта алмаймын ғой» – деп, биені иесіне беріп тайлақтарын қайтарып алады. Жазға салым бие құлындайды. Осы құлын бас үйретілмей 3 жасқа толып, жеке үйір алып кетеді. Дөненді көрген Көлжан оның сүйегі бөйге атына келетінін балаларына айтып ақылдасады. «Кімнің малы екенін біліңдер» – деп қызыққанын жеткізеді. Балалары бұл дөненнің Керней биесінің құлыны екенін айтпаса бекіп, өзара уағдаласады. Осы ойларын бие иесіне де жеткізеді. Оның да келісімін алады. Ол Көлжан сұрай қалса басқа биенің құлын деп айтпақшы болады. Балаларының келісіміне қарай мал иесіне төрт тайлақ беріп, біржола меншіктенеді. Бұл Ақайдың қысқаша сипаттамасы.

Ал, Құлагерлі сынайтын Күреңбай сыншының сынындағы:

«... Тәулет бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ.
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқынқырақ.
Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік.
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,
Қалай біткен құйрыққа дүп?
Қоқанның жібегіндей жеңіл құйрық,
Не қою, не болмаса емес сұйық.
Бұтының арасынан ел көшкендей,
Жамбастың басы делдек, қуыс қолтық.
Шүйделі, шоктығы өргек, шідерлігі,
Серке сан, желмаядай тілерсегі;
Тау желін тартса жұтқан талас танау,
Тынысы кенде жатыр кеңіреді.
Жүрсе де жаздай құры болмайды ток,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса жел, мінсе жайсан, тұрса селсоқ ...» – деп Илияс келтіргендей дөненнің деже бітімі поэтикалық ұғымға сайма-сай болатындай елес береді.

Осы дөнен қолдарына тигенше бас үйретілмегендігінің салдарынан ауыл жігіттерінің бейнәтке ұрын-

беруді қадап айтатын. Қара атқа иелік етуді, жаратып баптауды маған тапсырып, өзі ара-тұра көріп, кеңесін беріп жүретін» – деп Ақай еске алады.

Енді атшабар бала Жүмәділдің айтқандарын жеткізейін.

– Мен 7 жасымда Ақсақ руының байы Бейсенбайдың асында бірінші рет Қара атқа мініп бөйгеге қосылдым. Ас кәзіргі Шапаев жеріндегі Тайкүрең бидің басында өтті. Бөйге аттары Қаратал өзенінің бойымен құлап, Жамшы совхозының жеріндегі Жамшының ескі складынан әрі 10 шақырым жерден қайта кері оралмақшы. Шамамен 40-50 шақырым болар. Жарысқа қосылар алдында Көлжан атам: «Аттың сырын ұқтың. Тек қана шаң қаптырмай шеткерірек отыр. Ара-тұра қамшының басындағы орамалмен көзін сүртесін», – деген. Ақай да. Алғашқыда елдің соңында қаласын. Біраздан соң бауыздаған малдың кеңіреді, тамағынан шығатын қорылды дыбыс естіледі. Бұл тынысының кең ашылғандығының белгісі. Қорықпа. Қамшыласаң мөңкіп жығып кетеді. Мұны қара жарысқа қосқанда аңғардым. Өзімді сан рет жығып кеткен.

«Қара атпен таласатын осы асқа келген 2 ақбоз ат бар. Жолдағы Қаратал қыстағынан дәл сондай 2 ақбоз ат жолдан қосылуға тиіс. Оны андап қалдым. Оны көрсен ешкімге ештеңе деме. Үлкен дау туып, арты жанжалға айналып кетеді, аузыңды бак» – деп ақылын миыма құйып берген. Қайтар жолда Қаратал қыстағының тұсында Ақай айтқан болжам дәл келді. Бөйгеге қосылған боз қос атқа тағылған нөмірдей нөмір таққан, шілдікте жасырынып тұрған екі ақбоз ат қосылды. Мұны артағылар андай алмаған. Арамыз 3-4 шақырымдай ұзап кеткенбіз. Алдымдағымын құйрық тістесіп келе жатқан алдыңғы ат пен артқы ат тал арасына тығылып қалды. Қыстаққа тақағанда олардың шабыстары бөсендей бастаған. Жаңадан қосылған алдыңғы екі аттың соңғысына Шапаевтағы Омаш басында қуып жетіп, құйрық тістесіп отырдым. Омаш басынан 1-2 шақырым ұзаған соң Тайкүреңдегі асқа келгендердің қарасы көрінді. Шамалы уақыттан соң елдің дабыр-дүбірі естілгенде алдыңғы атты да жолда қалдырып қарақшыдан өттім.

Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, Қара аттың еті қызғанда құлағының түбі терлейді екен. Бұдан соң аккөбікті тер шығады. Осы тері қарақшыға жеткенше екі рет көбіктеніп, екі рет құрғады. Қорылы басылған соң қоянша бүктетіліп, артқы аяқтары құлағының тұсына тақап барып серпіліп, бауырын жазып қайыра бүктетілгенде құйысқаны сартылдап отырды. Бұл Қара атқа мініп, бөйгеге қосылғандағы алғашқы түйгендерім.

Бұдан соң да талай астарда шабандоз бала атандым. Содан есімде қалғаны 1919 жылы Жалаңаш бойында август айында өткен Нарманбетке берілген ас. Бөйге аттары Жалаңаштағы Үсен сарт бойынан Ақтоғайдағы Жетімшоқы тұсына дейін айдалды. Шамамен 50-60 шақырым болар. Қайтарда Ақтоғайдағы төрелер қоныстанған жерден өтпей, Шатырша мен Жосалының батыс жағын айналып өттік. Екі-үш жерде өзек-жырлар кезігіп, топтасып келе жатқан аттардың ішінен 10 шақты ат үйме-жүйме жығылып, жарыстан шығып қалды. Мұны елдің соңында келе жатып аңғарған. Осы аста Қара ат бірінші, Исабайдың Көкдауылы екінші, Жақыптың Керкик аты үшінші келді. Ат иелері ақын аруағын сыйлап бөйге үлесін алмай кетті. Бұл жайды

піштіріліп, ақталғанымен сәуірліктерді қуып шығарып, бауырындағы тай-байталдарды үйірлеп өкететін. Осы мезгілде жап-жақсы қоң жинайтын. Шалдың еті ауырлау деп отырғаны сондықтан. Егерде Қара атты тойға апарып бөйгеге қоспаса Башайдың қызметі басқаша шешілетінінен қаймыққан бауырлары Көлжекеннің рұқсатынсыз Қара атты Қарқаралыға апарып бөйгеге қосты.

Жаратудың асығыстығынан аттың бағы байланды. Тойдағы жарысқа қосылған Сыыр құйымшақ құла бірінші, Шалқардың Аққасқасы екінші, Спатылдың Дөн мандайы үшінші, Қара ат төртінші болып келді. Аққасқаға атшабар бала болып мінген Шалқардың немересі Үндістан болатын. Осы Үндістан мен Жүмәділдің айтуы бойынша Шалқардың Аққасқасы Қара атпен 3 рет жарысқа қатысыпты. Біріншісі – Наркең асының ошақ майларында, екіншісі – Нарманбет асында, үшіншісі – ҚазССР Автономиясының бір жылдық тойында. Бұл ат та айтулы жүйрік. Көптеген астарда бас бөйгені иеленіпті. Ақай мен Жүмәділдің айтуынша Қара ат өзі қосылған жарыстарда бас бөйгеден қағылғаны осы жолы ғана екен.

Қара ат жайлы ел аузындағы деректердің негізіне сүйеніп, қалам тартқан жазушы Жанболат Башар. Ол Жантоқаның Тұрсынбегі Қостанайға жер аударылғандығы жөніндегі тарихи шындық пен әдеби шындықты астарлап «Қара ат» деген деректі туынды жазды. Оның жазғандарында Қара аттың аузымен құс тістеген жүйріктігі ғана сөз етілмейді. Жершілдігіне де дерек келтіреді... Осы жазбада Көлжанның айтқандарын «... Жаксы ат – ер қанаты. Қара атты мініп кет. Елден жырақтадым деп сағынды сындырма. Қайда жүрсең де ата аруағына жат қылықтан аулақ бол. Ажал Алладан. Сүйегім жат жерде қалатын бола ма? – деп алаңдама. Бұл жазмыш. Сен жарық дүние есігін ашқанда мандайыңа жазылған пешенен. Өзің мен үрім бұтағыңды Жасаған Жалғыз Иемізге тапсырдык» – деген бата-тілегін айтып, кешу алысып қала береді» – дейді.

Қара аттың бойына біткен барлық қасиеттерінен өзгешелігі сол – оның жершілдігі екенін қадап айтқан мақұл. Сонау ит арқасы қиян – Қостанай жерінен туған топшырағы Ортадересіндегі «Көлжан шұңқыры» ма, әлде ХХІ партсъезі жеріндегі Шойынды тауының маңындағы «Көлжан Сарыобасы» ма әйтеуір 2 жылдан соң адам сияқты жол тауып, адаспай келіп, иесін иіскеп табысуы. Бұл адам сенгісіз, қалай айтып сырласаң да, жырласаң да аңыздық сипатқа ие болатын ат қасиетінің дәлелі.

P.S. Жоғарыдағы деректерге құлақ тұруіме менің әкем Нөкербайдың Көлжанның қызы Зиқиядан туғандығы себепкер болған шығар деп ойлаймын. Мен Көлжанға жиеншармын. Ақай зейнет жасына іліккен соң Ақтоғайдағы күйеу баласы Тұрғанов Шайканның үйіне келіп дем алып, қайтатын. Мен сол үйде жатып мектеп бітірдім. Сонда Қара ат жайлы деректерді ауыл ақсақаларына айтқанынан естігем. Ал Жүмәділ отау болып шаңырақ көтерген соң үйімнен дәм татқан. Ол да Қара ат жөніндегі тарихи жайттарды сонда жеткізген. Жазба қанатты тұлпарлардың біз мекен еткен жерімізде болғанын, болатынын паш ету мақсатынан туындады.

**Аманкелді Туғанбай,
Қарағанды қаласы.**

*Дін – бірліктің діңгегі

Қазақстанның берік ұстанымы – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісім

Ұлтаралық және конфессияаралық келісім біздің еліміздің барлық ішкі саясатының негіздерінің бірі болып табылады. Өз кезегінде, ұлтаралық келісім мен конфессияаралық татулық төзімділікке негізделген. Қазақстан – әлеуметтік сараланған полиэтникалық қауымдастық, онда субъектілер әртүрлі мүдделердің болуымен, олардың мәдени және саяси белсенділігінің әртүрлі деңгейімен сипатталады.

Қазақстандағы діндердің дамуы діни сенім бостандығы, рухани даму, елдегі азаматтық татулық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің жүйелі саясатының нәтижесі болып саналады. Елімізде олардың бейбіт өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған. Көпэтносты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық

конфессияаралық ұнақты орталығы болып саналады деп көрсетеді. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді тәрбиелей отырып, ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынас мәдениеті – бұл белгілі бір дүниетаным ғана емес, сонымен бірге ұлттық және жалпыұлттық көңіл-күй мен сезімдердің ерекше жиынтығы екенін есте ұстаған жөн. Келісім мен толеранттылық идеялары басқа ұлттардың, діндердің адамдарына деген жанашырлық пен достық сезімімен байланысты болған кезде және адамдардың іс-әрекеттерінде бекітілген кезде, олар белгілі бір білім алып қана қоймай, оларды өздерінің сенімдеріне айналдырды деп айтуға құқығымыз бар.

Этносаралық қатынастар саласы назарынан тыс қалған емес. Ұлт көшбасшысы әрдайым елдегі ұлттар мен этностардың татулығын тәуелсіз Қа-

зақстанның басты жетістігі деп аталып өтті. Елбасы: «Ұлтаралық келісім өте нәзік, кәдімгі адам ағзасының қантамырлары жүйесі. Оның бір жерінде кідіріс болған кезде адам денсаулығын жоғалтады. Мемлекетте де дәл осылай. Біздің жылдағы барлық жетістіктеріміз елдегі осы тұрақтылық пен тыныштықтың арқасында болып отыр. Бұл біздің негізгі ұстанымымыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің бүкіл тәжірибесі – әлемдік тұрақтылыққа қосылған үлес болуы тиіс. Еліміздегі тыныштық мәселесі – бұл менің жеке мәселем емес. Қазақстанның бүкіл халқының мәселесі, мемлекеттің мәселесі, біздің болашағымыздың мәселесі».

Б.Шажалиев,
Ақтоғай аудандық орталық аурухана директорының міндетін атқарушы.

Зайырлы мемлекет – тарихи таңдауымыз

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бірлікте өмір сүруі – татулықтың нәтижесі. Мемлекетіміз ешкімді тілі мен дініне қарап бөлместен, барлық азаматтарға тең құқылы мүмкіндік беру арқылы ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтап келеді. Бұл ынтымақтастық пен ауызбіршілік елдегі Ата заң арқылы қамтамасыз етілген. Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы мемлекет екенін бекітіп, мемлекет пен діннің ара-қатынасын реттейтін зайырлылық қағидаттарына сүйенетінін айқындады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Қазіргі уақытта зайырлылық турасында көптеген анықтамалар мен түсініктер қалыптасқан. Соның бірі, зайырлылық – барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деген мағынаны білдіреді. Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық тұрғыда қабылдаған ел Конституциясы мен

заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Сәйкесінше, діни талаптар мен ережелер, діни бірлестіктердің құжаттары біздің елімізде құқық негізі болып есептелмейді және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер ете алмайды.

Мемлекет заңнамаларының қандай да бір діни нормалармен байланысы болмаса да, заң діни нормалардың жалпы адами және гуманитарлық бағыт-бағдарын ескереді. Қазақстанда қандай да бір діни соттың құзыреті мойындалмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, зайырлылық дегеніміз Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі принциптері болып табылады. Ал, мұндай республикадағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас зайырлы заңдар негізінде жүзеге асырылады. Қазақстанда тіркеуден өткен діни бірлестіктердің, азаматтардың ұстанатын дініне қарамастан, құқықтарының теңдігі қамтамасыз етілген.

Ә.Әбіл,
Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

*Сыбайлас жемқорлық

Жемқорлық дерт – оны жою міндет

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жауапкершілік қатаң.

Бұл тұрғыда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ұлттық экономиканың ашықтығына, келісім-шарттарға қол сұғылмайтынына, зияткерлік меншік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аяусыз күрес жалғаса беретініне кепілдік береміз», – деді. Себебі, сыбайлас жемқорлық қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Ал, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, жариялылық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз

– заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін, лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

Жалпы, жемқорлық дендеген ортада жаңашылдық болмайды, көлеңкелі істер кез келген саланы құлдыратып, кері кетуге алып келеді. Мұндай жағдайда сапалы қызмет, сындарлы жұмыс, оң нәтиже күту мүмкін емес. Осыған орай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – әрбір ұжым, бүкіл халықтың ортақ міндеті болуы тиіс.

С.Мақсаева,
Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының бас маманы.

Еске алу



Ақтоғай ауданы, Сәуле ауылының киелі топырағында дүниеге келіп, бар ғұмырын осы мекенде өткізген бір әулеттің бөйтерегі, асқар таудай әке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы, қамқор, жанашыр бауыр болған – **Түскеев Асылмұрат Құмарұлының** бұл фәнимен қош айтысқанына да бір жылдың жүзі болды. Бір құдіретті күштің өлім деп аталатын ұлы әділетсіздіктің алдында, өзімді соншалықты дәрменсіз сезініп отырмын. Адамға табынбауды да, жаманға жалынбауды да, қиялға салынбауды да үйреткен өмір екен ғой. Аллаға бағынуды, жақынды сағынуды үйреткен өмірдің өзі. Өзен-өмірге жүзуді үйреткен уақыттың өзі екен. Сол өмірді бағалап, жалған екенін, адамгершілік қасиетін жоғалтпай, көңілінің кеңдігі мен пейілінің пәктігі әрбір жанның жүрегіне өзіл-қалжың мен жылу сыйлап отыратын жан еді. Замандас достарымен, жүрген ортасымен шынайы сыйластығы, мейірімді сөзімен немерелерін еркелетіп отыратын кездерінің оралмасы орыны толмас өкініш. Өттең...дейміз. Тағдырға не шара?! Айтқан өзіл-қалжыңдары өлі де ел арасында еске алынып, айтылып отырады. Оның жарқын бейнесі, қамқорлығы, адамгершілігі ел жүрегіне мәңгі сақталатыны сөзсіз. Халқы құрметтеп өз тұғырынан түспей, мәңгілік мекеніне сарыала күзбен бірге аттанып кеткені жүрегімізге жазылмас жара салып кетті. Сағымға айналып сағынып сезімдердің қылын тербетіп, ішегінің шертіліп жатқаны баршаға мәлім болар. Өте - ауыр. Фәни жалған, өтеді де кетеді, Бақи - мәңгі адамзаттың мекені. Өзің қонақ болып кеткен өмірде, Жатыр ізің жүріп өткен кешегі. Жаныңыз жәннатта, төніңіз рахатта, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Алла алдынан жарылқасын. Артындағы бала-шаға, ұрпақтарына Алла ғұмыр берсін.

Сағынышпен еске алушылар: балалары, жары, немерелері, бауырлары.

2023 жылы 25 қараша күні Ақтоғай ауылында, Ақсораң мешітінде арнайы жылдық асы берілетінін хабарлаймыз.

*Еңбек адамы

Өз саласының үздігі атанды

Қызыларай фельдшерлік пунктiнiң акушерi Баян Айтбаева ҚР Денсаулық сақтау министрлігiнiң «Денсаулық сақтау ісiнiң үздігі» төсбелгісiмен марапатталды.

Адамның ең қымбат байлығы – денсаулық. Ал денсаулықтың қорғаны – дәрігер. Рас, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса ақ халаттылардың іздей бастаймыз ғой. Жаны ауырған әрбір адамға қол ұшын беруге дайын тұратын ізгі ниетті жандар ортамызда баршылық. Соның бірі – Қызыларай ауылы фельдшерлік пунктiнiң акушер дәрігерi Баян Мағзұмқызы.

Баян Айтбаева – Ақтоғай ауылының тумасы. Жезқазған медициналық училищесiнiң акушерлік іс мамандығын 1981 жылы бітіріп, сол жылы өзінің туып-өскен ауылы Ақтоғайға келіп, аудандық аурухананың әйелдер босанатын бөлімшесінде еңбек жолын бастайды. Бертін келе, яғни, 1985 жылы отбасылық жағдайына байланысты Қызыларай ауылдық округіне отбасылық емханаға жұмысқа тұрады. Содан бері табан аудармастан осы отбасылық емханада табаны күректей 30 жыл дәрігерлік қызметін адал атқарып келеді.

– Дәрігер мамандығы кез келген жанның таңдауына түсе бермес аса қатты жауапкершілікті қажет ететін

мамандықтардың бірі деп білемін. Себебі, қызметіміз адам денсаулығымен тығыз байланысты болған соң, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Десе де, осы мамандықты тандап, науқас жандарға қызмет етіп, олардың өміріне араша түсе ерлікпен пара-пар. Міне, денсаулық саласындағы көп жылғы еңбегім ақталып Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігiнiң «Денсаулық сақтау ісiнiң үздігі»



төсбелгісiмен марапатталып жатырмын, – дейді марапат иесі.

Таңнан қара кешке дейін жанына шипа іздеген науқастың қасқабағын қарап емдомын жасайтын ақ халаттының мәртебесі қашан да биік. Оның ішінде ірі қала, аудан орталықтарындағыдай емес, шалғай ауылдағы дәрігер бірнеше мамандықты игеруі тиіс. Баян да жүкті аналарды, мектеп жасындағы балалар мен жас сәбилерді, тіпті

зейнеткерлерді үнемі өз бақылауында ұстайды. Әрбір науқастанып қалған адамды шипалы емімен емдеп, дендеріне саулық сыйлап, жан дауасын тауып жүрген қарапайым ауыл дәрігері, өзінің ақ адал еңбегімен көптің қошеметіне бөленіп жүрген Баян Мағзұмқызы осындай абзал жүректі жан.

Өз тілшімізден,
Қызыларай ауылы.

*Ауыл – алтын бесік

Ауыл тазалығы – халық айнасы

Тазалық жай ғана жүрдім-бардым қарайтын дүние емес. Мұнда үлкен тәрбие негізі, мәдениеттілік бар. Себебі, тазалық – адамның рухани, мәдени жетілу деңгейінің, кісілігі мен тәрбиесінің маңызды көрсеткішінің бірі. Ол жан-жақты адам өмірін, болашағын, имандылығы мен адамгершілік сияқты кісі ғұмырына тән көптеген тармақтарды қамтиды. Даналарымыз адам өмірінің зор байлығы – денсаулық десе, ал денсаулықтың кепілі – тазалық екенін ұғындырған.

Біз көше мәдениетін қозғанда ең алдымен тазалықты сөз ететіміз анық. Өйткені көшедегі мәдениеттіліктің бастауы тазалық екені айтпаса да түсінікті. Әрбір адам өзінің көшесін, ауласын таза ұстау арқылы қоғамға пайдасын тигізеді. Ал қоршаған орта күл-қоқысқа толып жатса, оның адам денсаулығына тигізер зияны көп. Сол себепті де тұрғындар айналы ластамай, біреудің айтуымен емес, өзінің денсаулығы үшін санитарлық тазалыққа мән беріп қарағаны жөн.

Жыл сайын көктемгі және күзгі уақытта екі айды қамтитын тазалық айлығы жүргізіледі. Облыс, аудан көлемінде уақыты бекітіліп, сол бойынша сенбіліктер ұйымдастырылады. Тиісінше, осы мезгілде де аудан төңірегінде тазалық айлығы



жалғасуда. Күні кеше Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен сенбілік өтті. Сенбілікке Қызыларай жалпы орта білім беретін мектебі, ауыл тұрғындары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді.

Сенбіліктер - тұрғындардың қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде.

Қызыларай ауылы әкімі аппараты.

Құттықтаймыз!

Жетімшоқы ауылының тұрғыны, әулетіміздің аяулы келіні Эльмира Болатқызын қараша айында болатын 50 жас мерейлі мерекесімен шын жүректен, ақ пейілмен құттықтаймыз.



Айтулы жасқа қадам басқан той иесіне ғұмырлы жас, берекелі де мерекелі өмір, әрқашанда шаттыққа толы көңіл күй, қалған 50 жылынды немере мен шөбере қызығын қызықтап бақытты да баянды өмір кешуге Алла нәсіп етсін деген тілек тілейміз.

Үлкенді де, кішіні де бірдей құрметтеп әр кез төріннен орын ұсынып, ақ пейіл, ақ жарқын көңіліңмен қажымас қайратыңмен Жазыбек екеуің қара шаңырағымыздың түтінін түтетіп отырған отбасының бірісіңдер.

Әрдайым басыннан бақ, жүзіннен күлкі, шаңырақтарыңнан қуаныш кетпесін. Туған-туыс арасында мерейлерің үстем болып, жыл сайын денсаулықтың арқасында жасына жас, басына бас қосылып, жан жарың Жазыбек екеуің немереден шөбере сүюді жазсын. Өрістерің ұлғая берсін.

Құтты болсын мерейлі 50 жасын,

Ешқашан көңіліңді кір шалмасын.

Бақ-береке ұялап шаңырағына,

Жан жарың, бала-шаға аман болсын.

Той думан болсын өмірің сарқылмайтын,

Бақыт берсін ешқашан таусылмайтын.

Орындалсын ой-арман тілектерің,

Шаңырағына көп қылып немере берсін.

Ақ ниетпен: атаң–Бөрігүл, Сайлау-Қорлан, Манарбек-Раушан, Серік-Бибігүл, Серік-Зайдагүл, Ерлан-Анар, Данияр-Жанар.

*Спорт

Асық ату ептілікке баулиды

Таяуда Астана қаласындағы «Аспан» спорт кешенінде асық ату спортынан Гран-При «Азия асығы» атты халықаралық турнирі болып өтті. Шара еліміздің Тәуелсіздік күніне арналған.

Дүбірлі додада Пәкістан, Үндістан, Қытай, Моңғолия,

Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан құрамалары өзара бақ сынасты. Жекелей сында өткен жарыс барысында нағыз үздіктер бас қосып, ерлер мен әйелдер арасында кім мықтыны анықтады.

Асық ату шеберлері сынға түскен елдік мәреде ауданымыздың спортшысы Ерболат Қаржаубай бақ сынады. 14 қараша күні қорытындыланған байрақты бәсеке нәтижесі бойынша жерлесіміз жүлделі ІІІ орынды қанжығалады.

– Асық ату ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді. Үш күнге жалғасқан турнирде асығы алшысынан түсіп, мергендік танытқан жеңімпаздар мен жүлдегерлер ҚР Асық ату федерациясының диплом, медальдарымен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды, – дейді Е.Қаржаубай.

Өз тілшімізден.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 980 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

